

## «ҮЛГЕРІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ СЕМИНАР ЕСЕБІ

Өткізілген күні: 12.02.2026 ж.

Өткізілген орны: Астана қаласы Ж.Жабаев атындағы № 4 мектеп-гимназия

Қатысушылар: Пән мұғалімдері, сынып жетекшілер, педагог-психолог

Ұйымдастырушы: Мектеп-гимназия директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Көшметова

**Семинардың мақсаты:** Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру, олардың білім сапасын арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді талқылау және тәжірибе алмасу.

**Семинар міндеттері:** а) Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау себептерін саралау; ә) тиімді педагогикалық әдістермен таныстыру; б) мұғалімдердің тәжірибе алмасуына жағдай жасау; в) практикалық ұсыныстар әзірлеу.

Семинарды мектеп директорының бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары А.Т.Көшметова ашып, қатысушыларды семинар бағдарламасымен таныстырды. Семинарды өткізуші тренер Б.Ғ.Ғалымжанов үлгерімі төмен оқушылардың пайда болу себептеріне тоқтала отырып, негізгі себептерін талдады. Олар 1. Оқушының оқуға деген мотивацияның төмендігі; 2. отбасылық жағдайы; 3. психологиялық ерекшеліктері; 4. білімдегі олқылықтардың жинақталуы; 5. Оқушының денсаулық жағдайы екенін атап өтті. Сол мәселелерді шешу жолдары ретінде келесі тиімді жұмыс түрлері ұсынды: а) Жеке жұмыс жоспарын құру; ә) саралап, деңгейлеп оқыту мәселесіне назар аудару; б) қалыптастырушы бағалауды жүйелі қолдану және БЖБ мен ТЖБ дейінгі бағалау үрдістерін дұрыс ұйымдастыру; в) қосымша сабақтар ұйымдастыру жолдарын қарастыру; г) ата-анамен тығыз байланыс орнату арқылы отбасылық мәселерін назарға алу; ғ) оқушының жетістігін мадақтау арқылы мотивацияны арттыру, қоғамдық мәселелерге тарту. Семинардың тәжірибелік бөлімінде қатысушылар топтық жұмысқа топтастырылып, төмендегі тапсырмаларды орындады: 1. Нақты оқушыға арналған жеке қолдау жоспарын әзірлеу; 2. Сабақтағы саралау тәсілдерінің үлгісін жасау; 3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің алгоритмін құрастыру. Топтар өз жұмыстарын қорғап, тәжірибелерімен бөлісті. Семинар соңында қатысушылар кері байланыс жасап, өз ұсыныстарын білдірді. Көпшілік жеке қолдау картасын жүргізу мен қалыптастырушы бағалаудың маңыздылығын атап өтіп, өз тәжірибелеріндегі олқылық тұстарды анықтап, алдағы жұмысына бағыт-бағдар алды. Семинар барысында үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізудің тиімді әдістері жан-жақты талқыланды. Мұғалімдер өз тәжірибелерімен бөлісіп, практикалық дағдыларын жетілдірді. Алдағы уақытта: әр пән мұғалімі үлгерімі төмен оқушылардың тізімін нақтылап, жеке жұмыс жоспарын әзірлеуге және оны тиімді ұйымдастыруға кеңес алды; ай сайын мониторинг жүргізу арқылы даму динамикасын жасау маңызды екенін нақтылады; педагог-психологпен бірлескен жұмыстар

ұйымдастыру арқылы мәселеге тура қарау және алдын-алу жолдарын қарастыруды жолға қойды. Семинар мақсатына жетті деп есептелді.

Есепті дайындаған: А.Т.Көшметова  
Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназия директорының  
бейіндік оқыту жұмысы жөніндегі орынбасары